

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 735 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 961 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Электронды сайлау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 735 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Электронды сайлау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесінде:

1 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының (келісім бойынша)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3 - тармақ алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияға заңнамада белгіленген тәртіппен оған жүктелген міндеттерді орындау үшін сарапшылар ретінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі